

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

«Абай - әлемдік тұлға».

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/86782/

Өмірдің, көңілдің, күнделікті күйбең тірліктің кез келген көрінісінде тіл ұшына Абай оралады. Қуансаң да, көңілің түссе де, бір мәселенің шешімін іздесең де Абайдың өлеңі, қара сөздері, Абай аузынан шыққан есті әңгімелері көкейіңді түрткілей береді. Алаштың айтулы ақыны Мағжан Жұмабаев, Абайға: «Шын хәкім, сөзің асыл — баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес», -деп баға беріп кеткен. Абайдың барлық шығармашылығы еліне деген сүйіспеншіліктен туындаған. Абайдың негізгі ұраны «қайран елім, қазағым, қайран жұртым». Осы жұртты қалай ел қыламын қазағым, халқымды қалай төрге жетелеймін деп өмір сүрді. Абай — қазақ қоғамын бір сатыға, бір сапаға, бір белеске, бір биікке алып шыққан тұлға.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.